

**Э. Амантай, 3-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Д. Т. Тилеуканова, мемлекеттік-құқықтық пәндер**  
**кафедрасыныңаға оқытушысы**  
**(Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы)**

## **АДАМ САУДАСЫ — КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БОСТАНДЫҚҚА ҚОЛ СҰҒУШЫЛЫҚ РЕТІНДЕ**

Қазақстан Республикасының Конституциясында адам және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары бекітілген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 15-бабы бойынша «әркімнің өмір сүруге құқығы» бар. Бұлардың барлығы мемлекет тарапынан қорғауда болады. Ешкімнің адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Сонымен қатар адамның бас бостандығын тек заңмен көзделген реттерде сот үкімімен ғана шектеуге болады.

Алайда қазіргі заманда адам құқықтары мен бостандықтарын өрескел бұзу фактілері күнделікті өмірде жиі кездесіп жатады. Соның бірі адам өмірін саудаға салу.

Адамды саудаға салып пайда табу кәсібі бұрыннан бар. Ол заманына қарай, әр кезде әр түрлі сипат алып, әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Өкінішке қарай жалғаса беретін сияқты. Өткен ғасырларда адам саудасы ашық түрде жүргізілсе, қазір көбіне-көп астыртын жүзеге асуда. Ол есірткі мен қару саудасынан кейінгі ең басты саналады. Есесіне құл саудасының әшкере болу қаупі алдыңғы екеуімен салыстырғанда көп төмен көрінеді.

Сондықтан да ол қазіргі кезде тіптен кең етек жайып, әлемді шырмауықша орай бастады. Қазіргі таңда адам саудасы мен ұйымдасқан аса күшті қылмыстық топтар айналысқандықтан олардың алдын алу мүмкін болмай жатыр.

Осы тұрғыда біз бірінші кезекте адам саудасының өркендеуіне себеп болып отырған факторларды қарастырып кетпекшіміз.

1. Адамды саудаға салу арқылы оның бас бостандығының шектелуі.
2. Адамдарды сату арқылы жеңіл пайда табуды қоздейтін қылмыстық топтардың болуы;
3. Адамдардың жұмыс іздеп түрлі алаяқтық топтардың уысына түсуі;
4. Жасөспірімдердің кейде шетелге барып жұмыс істеу арқылы, жеңіл пайданы көздеп, тауарға айналып жатуы (модель болу т. б.);
5. Халықтың жалпы құқықтық білімінің жеткілікті деңгейде болмауы.

Енді жалпы статистикалық мәліметтер келтіріп кетсек. ҚР ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша адам саудасы әсіресе, Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында қанат жайған.

Аталғандарды ескере отырып, адам саудасымен күресудің мынадай жолдарын қарастырып өтуіміз қажет:

1. Адам саудасымен күресте халықаралық ынтымақтастықты нығайту;
  2. Құқық қорғау органдарының, оның ішінде ішкі істер органдарының адам саудасының алдын алу және жолын кесу бойынша қызметін күшейту;
  3. Барлық құқық қорғау органдарының осы істе үйлесе жұмыс істеуіне қол жеткізу;
  4. Халықтың құқықтық білімін арттыру және өз құқықтарын қорғай білуіне серіктес болу;
- Қорыта келгенде Қазақстан Республикасы адам және оның өмірін сақтауға байланысты жеке дара да, әлемдік қауымдастық мүшесі ретінде де бей жай қарай алмайды.